

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Қамқоршылық Кеңесі отырысы

ХАТТАМА

№1

22 қыркүйек 2022 жыл

сағ:10.00

Барлығы: 9

Катысқандар:7

Катыспаганы:2

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

БҚО білім басқармасы 20.09.2022 күні жолдаган №1-14/4493 хаты КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 акпандагы №57 бүйрігінде озгерістер енгізу туралы бірлескен бүйрігінің 68 – тармағына сәйкес Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директоры бос лауазымына орналасуга кандидат Кайырлиева Алтынгүл Жаксыгуловна 2022-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарымен танысу.

Сөз алды:

Директордың м.а С.М Кенжегалиева

Кайырлы күн! Құрметті Кеңес мүшелері! Бұғін Сіздердің алдарыңызда БҚО білім басқармасы 20.09.2022 күні жолдаган №1-14/4493 хаты КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 акпандагы №57 бүйрігінде озгерістер енгізу туралы бірлескен бүйрігінің 68 – тармағына сәйкес Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директоры бос лауазымына орналасуга кандидат Кайырлиева Алтынгүл Жаксыгуловна 2022-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарымен танысқалы отырыздар. Мен сөз кезегін кандидатты таныстыру үшін Кеңес төрағасы Сержан Серікұлына беремін.

Тындалды:

Қамқоршылық Кеңес төрағасы С.С Идаятов

Кайырлы күн Кеңес мүшелері! Биылғы оку жылындағы алғашқы отырысымында Сіздердің көрінімізге куаныштымын! Жаңа оку жылы барлығымызды жаңа белестер мен серпілістер кезеңі болатынына сенімдімін. Ендеше бұғінгі талқылағалы отырган мәселе міз де соның жаршысы болады деп ойлаймын. Бұғін бізде колледж директорлығына кандидат Алтынгүл Жаксыгуловна стратегиялық жоспарымен танысқалы отырмыз.

Кайырлиева Алтынгүл Жаксыгуловна 1979 жылы 27 қыркүйекте БҚО, Жаңақала ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары, тарих пәннің мұғалімі. Сонымен қатар жоғары санатты директордың орынбасары. Жалпы еңбек өтілі 21 жыл, осы білім ордасындағы еңбек өтілі 21 жыл. 2013 жылы КР БФМ Алғыс хатымен, 2020 жылы БҚО білім басқармасының Құрмет Грамотасымен марапатталған. Алтынгүл Жаксыгуловна сөз кезегі Сізде, өзіңдердің кандидат ретіндегі алға қойған мақсаттарыңыз және стратегиялық жоспарыңызбен таныстыруыңызға рұқсат.

Тындалды:

Кандидат А.Ж Кайрлиева

Кайырлы күн! Құрметті Кеңес мүшелері Мен Кайрлиева Алтынгүл Жаксыгуловна Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директоры бос лауазымына орналасуга кандидат ретінде өзімнің стратегиялық жоспарымын ұсынамын.

МИССИЯ

Отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді ескере отырып, тұлғалық және кәсіби қасиеттері жоғары деңгейдегі, Қазақстаның педагогикалық әлеуетін дамытуға үлес қосуға қабілетті мамандарды дайындау.

ҰСТАНЫМЫ

1. Колледж:

- техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі педагог мамандарды дайындау көшбасшысы;
- еліміздің педагогикалық колледждеріне арналған оку бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру орталығы;
- педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және қашықтықтан оқыту ресурстық орталығы.

2. Колледждің педагогтары – үш тілді білетін, IT технологияларын жетік менгерген, оку мен оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын, өз тәжірибесін жаксарту үшін зерттеулер жүргізетін кәсіпқой мамандар тобы.

3. Колледждің білім беру ортасы заманауи, қолайлы және қолжетімді, әртүрлі оку ресурстары мен инновациялық технологияларды қамтиды.

4. Колледж тұлектері заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды, екі/үш тілді менгерген, еңбек нарығында сұраныска ие жеке қасиеттері жогары деңгейдегі кәсіпқойлар.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Қолжетімді және сапалы білім беру қызметтерін ұсынатын инновациялық педагогикалық колледж болу.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Отансұйгыштік
- Қатысуышылық
- Мейірімділік
- Сенім
- Инновациялар
- Үйнімақтастық
- Қатысуышылық, мейірімділік және сенім – біздің бірігіп істейтін жұмысымыздың негізі.

Инновациялар мен ынтымақтастық біздің болашағымызды анықтайтын идеяларды зерттеуге және оларды іске асыруға мүмкіндік береді.

ЖҰМЫС ИСТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Колледж өз қызметінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Зандылық

- Колледж өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Гылым туралы» Заңына, КР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, МЖМБС және басқа да 1 нормативтік құжаттарға қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

2. Инновациялылық

- Колледж жаңа технологияларды енгізуге және қолданыстағы технологиялар, әдістер, күралдар және білім беру үдерісінің формаларын жетілдіруге талпынады.

3. Үйнімақтастық және қатысуышылық

- Колледж еліміздегі және шетелдік серіктестермен ынтымақтасу арқылы педагог мамандардың шығармашылық ойлау қабілетін үздіксіз дамытуға жагдайлар жасайды, педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз етеді, педагог мамандар құрамының гылымиәдістемелік әлеуетін жетілдіреді.

4. Ашықтық

- Колледж басқарушылық шешімдер мен өзге де шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етететін шаралар кешенін анықтайтын негізгі идея ретінде ашықтық қағидатын ұстанады. Колледждің қызметі туралы барлық ақпарат қоғам үшін қолжетімді.

1-стратегиялық бағыт. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТИН ҰСЫНУ, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Мақсаты: Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- ▶ Сапалы білім беру қызметімен және қызмет көрсету саласының бәсекеге қабілетті орта буын мамандарымен қамтамасыз ету.
- ▶ Колледждің басым білім беру бағыттарын дамыту және кеңейту (жаңа мамандықтар ашу).
- ▶ Қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу негізінде қызмет сапасын арттыру және еңбек нарығында колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.
- ▶ Кәсіптік стандарттар негізінде жаңа білім беру бағдармаларын жасактау және енгізу.
- ▶ Қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу негізінде қызмет сапасын арттыру және еңбек нарығында колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

2-стратегиялық бағыт. АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ДАМЫТУ.

Мақсаты: Колледж ұжымының еңбек тәртібін, өмір суроі мен еңбек шартын сактай отырып, баскарудың тиімділігін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- ▶ Педагогтардың, әкімшілік-баскару қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға жағдай жасау.
- ▶ Педагог мәртебесінің артуын, білім беруді жаңғыруды қамтамасыз ету. "Жасампаз маман" мектебінің жұмысы (ұйымдастырушылық бейімдеу, психологиялық бейімдеу, кәсіби бейімдеу)
- ▶ Колледждің педагог қызметкерлерін кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі танытуға, білім деңгейін арттыруға, шыгармашылығын дамытуға онтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету. «Өзін-өзі оқытатын үйім» жобасын дамыту.
- ▶ Үздіксіз оқыту және оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін арттыру арқылы педагогикалық қызметкерлердің жоғары біліктілігін қамтамасыз ету. ТМД және өзге де шет елдердегі біліктілікі арттыру курстарына қатысуға жағдай жасау.

Lifelong learning-мұғалімдердің ұздіксіз біліктілігін арттыру.

3-стратегиялық бағыт. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ, МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

Мақсаты: Материалды-техникалық базаны дамыту, оку алаңын ұлғайту, қазіргі заманауи құрал-жабдықтармен, ақпараттық-коммуникативтік құралдармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- ▶ Колледждің материалдық-техникалық базасын қайта құру және нығайту, ақпараттық жүйені және желілік инфрақұрлымын дамыту.

Жаңа корпус құрылышы.

* Колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрлымын және материалдық-техникалық базасын жетілдіру. Компьютер, интерактивті тақта т.б. оқу-тәрбие процесіне қажетті құралдармен қамтамасыз ету.

- ▶ Білім саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша «Құзыретті орталық» құру. Теориялық білімдерін практикада қолдана білу. Мамандықтар бойынша STEM лабораториялар ашу. «Дүниетану» лабораториясы. «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша спорттық орталықтар ашу. «Музика» пәні бойынша жеке аспаптарда ойнай білу құзыреттілігі,
- ▶ Әртүрлі әлеуметтік желілер (Фейсбук, Инстаграмм), жеке сайт арқылы колледж қызметі туралы мәліметтердің ақпараттық ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету.

4-стратегиялық бағыт. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ ЖЕТИЛДІРУ

Мақсаты: Жұмыс берушілер сұраныстары бойынша бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда әлеуметтік серікtestікти нығайту

Міндеттері:

- ▶ Кәсіптік білім берудің мазмұнының қазіргі заманғы ғылым мен кәсіптік технологияның даму деңгейіне сәйкес жаңарту, базалық үйімда практикалық сабактарға әдістемелік қолдау жасау

- ▶ Еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып маман даярлау сапасын арттыру.

5-стратегиялық бағыт. ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ДАМЫТУ

Мақсаты: Білім алушыларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және саламатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ▶ Болашақ мамандар азаматтылық пен ұлтжандылықтың сапаларын дамыту, тарихи үрдістердің қалыптасуы мен өзін-өзі жетілдіре алатын тұлға қалыптастыруға жағдай жасау.
 - ▶ Болашақ педагог мамандарының кошбасшылық қасиеттерін дамыту, рухани, интеллектуалдық және дene мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасау.
 - ▶ «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы және салауатты өмір салты мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға жәрдемдесу.
- Денсаулық сағаттары, фитнес залы, Алаш аллеясы, амтитеатр, қыздарға кеңес беру орталықтары.

6-стратегиялық бағыт. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҮРАҚТЫЛЫҚ

Мақсаты: Колледжің қызметінің тиімділігіне кепілдік беретіндегі тұракты қаржы-ресурстық база құру (арнайы есеп шотқа қаржы түсіру)

Міндеттері:

- ▶ Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, косымша көздерді тарту. «Бизнес-колледж» жобасын енгізу. (даярлық сыйыптарын, ұзартылған күн тобын ашу, ағылшын тілі курстары, аниматорлар клубы, шағын баспахана, ұлттық нақыштағы шаблондарды дайындаудың орталық)
- ▶ Білім беру бағдарламаларын бірлесіп іске асыруда өзара іс-кимылдың желілік нысанының негізінде алыс және жақын шетелдердің білім беру мекемелерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Түркия, ТМД елдері т.б.

7-стратегиялық бағыт. МОНИТОРИНГ

Мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру нарығында кошбасшылықты қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- ▶ Колледже жузеге асырылып жатқан мамандықтар бойынша оқу процесінің жағдайы мен мамандарды даярлау сапасын жүйелі және кешенді зерттеу; барлық кезеңдердегі білім беру процесінің шарттары, ұйымдастырылуы, мазмұны және нәтижелері туралы сенімді және объективті ақпарат алу; зерттеулердің бакылау механизмін құру.
- ▶ Ж.Досмухамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің республикалық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Сөз алды:

Қамқориылық Кеңес төрагасы С.С Идаятов

Рахмет Алтынгүл Жаксыгуловна! Құрметті Кеңес мүшелері Алтынгүл Жаксыгуловнаның алға қойған мақсаттары мен стратегиялық жоспары бойынша сұраптарыңыз болса қоюларыңызға рұқсат.

(Кеңес мүшелері тарапынан сұраптар болмады)

Сөз алды:

Қамқориылық Кеңес төрагасы С.С Идаятов

Алтынгүл Жаксыгуловнаның алға қойған мақсаттары мен стратегиялық жоспары бойынша өз піркілерініз бер ұсыныстарыңызды білдүлдерінізді сұраймын.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі Ш.А Айтқалиева

Алтынгул Жаксыгуловна өз жоспарында педагогикалық колледж үшін барлық мұмкіндіктерді жан-жақты қарастырылған. Мен осы колледждің серіктес білім беру үймының басшысы ретінде Алтынгул Жаксыгуловнаны конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі Ә.А Тапуова

Мен де осы колледждің серіктес білім беру үймының басшысы ретінде Алтынгул Жаксыгуловнаны конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын. Себебі ол өз жоспарында колледждің инновациялық дамуы, колледжді цифрландыру бағыттарына баса көніл бөлген. Біз үшін осы колледждің түлектерінің жан-жақты маман болғаны аса маңызды.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі М.Р Мерғалиев

Қайырлы күн күрметті әріптестер! Барлығымыз үшін жаңа оқу жылы құтты болсын! Мен кандидат Алтынгул Жаксыгуловнаның конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын. Өзім осы колледждің тулеғі ретінде ол кісіні енбеккор, өз ісіне адал және жаңашыл ұстаз ретінде жаксы танимын. Маган Алтынгул Жаксыгуловнаның стратегиялық жоспарындағы Рухани бағыттары бойынша жүзеге асырғалы отырған «Алаш алеясы» идеясы есеп етті. Бұл Алаш арысының атын иемденген оқу орны үшін аса маңызды деп ойлаймын.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі Д.Жусупкалиев

Жастар ресурстық орталығының басшысы ретінде маган Алтынгул Жаксыгуловнаның жастарды қолдау бағытындағы жоспары алдағы уақытта тиісті деңгейде жүзеге асырылады деп ойлаймын. Біз өз жұмысымызда осы колледждің студенттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып келеміз, колледж студенттері қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі жастар козғалысы мен волонтерлік ұйымдарда белсенділігі жоғары. Әріптестігіміз ары қарай да өз жалғасын табатынына сенім білдіре отырып Алтынгул Жаксыгуловнаның конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі Г.А Кабдушиева

Колледж ата-аналары атынан мен де Алтынгул Жаксыгуловнаны конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын. Алтынгул Жаксыгуловна өз стратегиялық жоспарында «колледж – студент – ата-ана» бағыты бойынша айқын, нақты бағдарлама ұсынып отыр. Алдағы уақытта колледж студенттерін әлеуметтік қолдау жұмысы, жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан студенттерді тиісті деңгейде жүзеге асырылатынына сенім білдіремін.

Сөз алды:

Қамқоршылық Кеңес мүшесі М.О Галиев


Мен де осы колледждің серіктес білім беру үймының басшысы ретінде Алтынгул Жаксыгуловнаны конкурсстық комиссияга жолдауды қолдаймын. Стратегиялық жоспарына келетін болсақ педагогтарды қолдау, әрқашан біліктіліктерін арттыру және оқытушылардың сапа құрамын арттыру бағыттары қоғам үшін сапалы ұстаздарды даярлауга негіз болатынына сенімдімін.


ҰСЫНЫМ

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы №57 бүйрекшіна
өзгерістер енгізу туралы бірлескен бүйрекшіның 68 – тармағына сәйкес Ж.Досмұхамедов
атындағы жоғары педагогикалық колледжі директоры бос лауазымына орналасуға кандидат
Кайырлиева Алтынгул Жаксыгуловна конкурстық комиссияга жолдансын.

Қамкоршылық
Кеңес төрагасы

Хатшы



С.С Идиятов


Қ.Х Мажитов

Кеңес мүшелері:

Г.А Кабдушева 

М.О. Фалиев 

Ә.А Танайова  —

Ш.А Айтқалиева 

М.Р Мергалиев 

Д.Жусупқалиев 